

KK Қолдану туралы нұсқаулары 2
Жуғыш-кептіргіш машина
RU Инструкция по эксплуатации 40
Стирально-сушильная машина

L 87695 NWD



 **AEG**
perfekt in form und funktion

МАЗМҰНЫ

1. САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ.....	3
2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ.....	5
3. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ.....	7
4. БАСҚАРУ ПАНЕЛІ.....	8
5. БАҒДАРЛАМАЛАР	11
6. ПАЙДАЛАНУ КӨЛЕМІ.....	17
7. ФУНКЦИЯЛАР.....	18
8. ПАРАМЕТРЛЕР.....	20
9. КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ - ТЕК ЖУУ.....	20
10. КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ - ТЕК КЕПТІРУ.....	24
11. КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ - ЖУУ ЖӘНЕ КЕПТІРУ.....	26
12. АҚЫЛ-КЕҢЕС.....	28
13. КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ.....	30
14. АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ.....	34
15. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК.....	38

ТАМАША НӘТИЖЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҮШІН

AEG өнімін таңдағаныңызға рахмет. Бұл өнімді тұрмыс-тіршілікті жеңілдету үшін инновациялық технологияны - қатардағы құрылғыларда бола бермейтін функцияларды қолдана отырып, сізге жылдар бойы мүлтіксіз көмек көрсету үшін арнайы жасадық. Құрылғының мүмкіндіктерін барынша толық пайдалану үшін бірнеше минут уақытыңызды бөліп оқып шығыңыз. Біздің веб-сайтқа барып келесіні қараңыз:



Қолдануға қатысты кеңестер, кітапшалар, ақаулықты түзету, қызмет көрсету туралы ақпарат:

www.aeg.com/webselfservice



Сізге барынша жақсы қызмет көрсету үшін өніміңізді мына жерге тіркеңіз:

www.registeraeg.com



Құрылғыңызға қажетті керек-жарақтарды, шығынды материалдарды және фирмалық қосалқы бөлшектерді сатып алу үшін:

www.aeg.com/shop

ТҰТЫНУШЫҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Фирмалық заттарды қолдануды ұсынамыз.

Қызмет көрсету орталығына хабарласқанда келесі деректердің дайын болуын қамтамасыз етіңіз. Үлгісі, Өнім нөмірі, Сериялық нөмірі.

Деректерді техникалық ақпарат тақтайшасынан алуға болады.



Ескерту / Қауіп-қатерден сақтандыру ақпараты



Жалпы ақпарат және ақыл-кеңес



Қоршаған ортаға қатысты ақпарат

Өндіруші ескертусіз өзгеріс енгізу құқығына ие.

1. ⚠️ **САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ**

Құрылғыны орнатып іске қолданар алдында бірге жеткізілген нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Құрылғыны дұрыс орнатпау мен дұрыс пайдаланбау нәтижесінде адам жарақат алса және ақаулық орын алса өндіруші жауапты емес. Нұсқаулықты келешекте қарап жүру үшін үнемі сақтап қойыңыз.

1.1 **Балалар мен дәрменсіз адамдардың қауіпсіздігі**



ЕСКЕРТУ!

Тұншығып қалу, жарақат алуы немесе кемтар болып қалу қаупі бар.

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балалар мен денесіне, сезім жүйесіне не ақыл-есіне зақым келген адамдар не тәжірибесі аз адамдар өз қауіпсіздіктерін қамтамасыз ететін адамның қадағалауы немесе құрылғыны қауіпсіз қолдану бойынша берген нұсқауына сүйеніп, дұрыс қолданбау салдарын түсінсе қолдануына болады.
- Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- 3 жасқа толмаған балаларды үнемі қарап отырмаған жағдайда құрылғыдан алыс ұстау керек.
- Орам материалдарының барлығын балалардан алыс ұстаңыз.
- Жуғыш заттардың барлығын балалардан алыс ұстаңыз.
- Құрылғының есігі ашық тұрғанда, балалар мен үй жануарларын алыс ұстаңыз.
- Құрылғы бала қауіпсіздігінің құралымен жабдықталса, оны іске қосуды ұсынамыз.
- Балалар тазалау және күтім көрсету жұмыстарын басқаның бақылауынсыз орындамауға тиіс.

1.2 **Қауіпсіздік туралы жалпы ақпарат**

- Бұл құрылғының техникалық сипаттамасын өзгертпеңіз.

- Бұл құрылғыны жеке орнатуға немесе дұрыс орын қалдыра отырып, ас үй қаптамасына орнатуға болады.
- Құрылғыны бекітілетін есіктің, сырғыма есіктің артына немесе топсасы керісінше орналасқан, құрылғының есігін толық ашуға кедергі жасайтын жерлерге орнатпаңыз.
- Құрылғының ашасын розеткаға тек құрылғыны орнатып болғаннан кейін ғана жалғаңыз. Орнатып болғаннан кейін ашаның қол жететін жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Табанындағы желдеткіш саңылауларға (егер бар болса) кілем кедергі жасамауға тиіс.
- Басқа жанармай қолданылатын құрылғылардан, сондай-ақ ашық оттан бөлінетін шығынды газдар қайта бөлмеге кірмес үшін, құрылғы орнатылған бөлменің жақсы желдетілуін қамтамасыз етіңіз.
- Шығасын ауаны құрылғыдан жанған газды немесе басқа отын түрінің шығарынды түтіндерін шығаруға арналған түтіктен шығаруға болмайды (егер бар болса).
- Судың жұмыс кезіндегі қысымы (ең аз және ең көп) 0,5 бар (0,05 МПа) және 8 бар (0,8 МПа) арасында болуға тиіс.
- Ең көп салмақ 9 кг көрсетілімін орындаңыз ("Бағдарлама кестесі" тарауын қараңыз).
- Құрылғыны жаңа түтіктер жинағын пайдаланып, су жүйесіне қосу керек. Ескі түтіктерді қайта пайдалануға болмайды.
- Егер қуат сымына зақым келсе, қатерден сақтану үшін оны өндіруші немесе уәкілетті қызмет көрсету орталығы немесе сол сияқты білікті маман ауыстыруға тиіс.
- Құрылғының айналасына жиналып қалған қыл-қыбырды тазалаңыз.
- Тағам пісіретін май, ацетон, алкоголь, бензин, керосин, дақ кетіргіштер, скипидар, балауыз және балауыз кетіргіш тәрізді заттарды, кір кептіргіш

машинамен кептірмей тұрып, қосымша жуғыш зат пайдаланып, ыстық сумен жуу керек.

- Өнеркәсіптік тазалағыш құралдармен тазаланған құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Жуылмаған киімдерді кір кептіргіш машинада кептірмеңіз.
- Көбік резеңке (латекс көбік), моншада киілетін қалпақтар, су өткізбейтін текстиль, резеңкемен астарланған заттарды және киімдерді немесе резеңке толтырылған жастықтарды кір кептіргіш машинада кептіруге болмайды.
- Мата жұмсартқыштарды немесе ұқсас заттарды мата жұмсартқыштың нұсқауларында көрсетілген тәрізді пайдалану керек.
- Қалталардан шылым тұтатқыш және сіріңке тәрізді заттардың барлығын алыңыз.
- Егер барлық кір дереу алынып, қызулары тезірек тарап кетпесе, кір кептіргіш машинаны ешқашан кептіру циклы аяқталмай тұрып тоқтатпаңыз.
- Кір кептіргіш машинаның соңғы циклы кезінде, киімдердің температурасы киімдерге зақым келтірмейтін деңгейде болуы үшін қызу бөлінбейді (салқындату циклы).
- Құрылғыны тазалау үшін сулы спрейді және буды қолданбаңыз.
- Құрылғыны дымқыл, жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Тек бейтарап тазартқыш заттарды қолданыңыз. Жеміргіш заттарды, түрпілі жөкені, еріткіштерді немесе темір заттарды пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны жөндеу алдында электр желісінен ағытып, ашасын розеткадан суырыңыз.

2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

2.1 Орнату

- Құрылғымен бірге берілген орнату бойынша нұсқауларды орындаңыз.
- Құрылғыны температурасы 0 °C градустан төмен немесе ауа-райы

әсер ететін жерлерге орнатпаңыз немесе пайдаланбаңыз.

- Құрылғыны үнемі тік қалыпта жылжытыңыз.

- Құрылғы мен еден арасында ауаның айналуын қамтамасыз етіңіз.
- Орам материалдарының және тасымал тетіктерінің барлығын алыңыз.
- Құрылғы орнатылатын еденнің тегіс, орнықты, қызуға төзімді және таза болуын қамтамасыз етіңіз.
- Тасымал тетіктерін сақтап қойыңыз. Құрылғыны қайта көшірген кезде, барабанды бұғаттап қою керек.
- Құрылғыны жылжытқан кезде үнемі абай болыңыз, себебі салмағы ауыр. Өрқашан қорғаныс қолғабын киіңіз.
- Бүлінген құрылғыны орнатпаңыз немесе іске қоспаңыз.
- Құрылғыны температурасы 0 °C градустан төмен немесе ауа-райы әсер ететін жерлерге орнатпаңыз немесе пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны есігі толық ашылмайтын жерге орнатпаңыз.
- Құрылғы мен кілемнің арасында тиісті орын болуын қамтамасыз ету үшін өзгермелі тіректерін реттеңіз.
- Құрылғыны тұрғылықты орнына қойғаннан кейін, ватерпас көмегімен деңгейінің әбден дұрыс қойылғанын тексеріңіз. Деңгейі дұрыс болмаса, тіректерін реттеңіз.

2.2 Электртоғына қосу



ЕСКЕРТУ!

Өрт шығу және электр қатеріне ұшырау қаупі бар.

- Құрылғыны міндетті түрде жерге тұйықтау қажет.
- Өрқашан дұрыс орнатылған, қатерден сақтандырылған розетканы қолданыңыз.
- Көп тармақты адаптерлер мен ұзартқыш сымдарды қолданбаңыз.
- Құрылғыны тоқтан ажырату үшін сымынан тартпаңыз. Өрқашан ашасынан тартып суырыңыз.
- Қорек сымын немесе ашасын су қолмен ұстамаңыз.
- ҰБ мен Ирландияға ғана арналған: Құрылғының 13 А қуат ашасы бар. Егер қуат ашасының сақтандырғышын ауыстыру қажет

болса 13 А ASTA (BS 1362) сақтандырғышты пайдаланыңыз.

- Бұл құрылғы Е.Е.С. ережелеріне сай келеді.

2.3 Суға қосу

- Су қосылымы түтіктеріне ешбір зақым келтірмеңіз.
- Құрылғыны жаңа құбырларға немесе ұзақ уақыт қолданылмаған құбырларға жалғамай тұрып, суын тазарғанша ағызыңыз.
- Құрылғыны алғаш рет қолданған кезде еш жерінен су ақпай тұрғанына көз жеткізіңіз.

2.4 Пайдалану



ЕСКЕРТУ!

Жарақат алу, электр қатері, күйіп қалу және өрт қаупі, құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.

- Бұл құрылғыны үйде ғана пайдаланыңыз.
- Бұл құрылғының техникалық сипаттамасын өзгертпеңіз.
- Тұтанғыш заттарды немесе ішіне тұтанғыш зат салынған дымқыл заттарды құрылғының ішіне, қасына немесе үстіне қоймаңыз.
- Бағдарлама жұмыс істеп тұрған кезде есіктің шынысына қол тигізбеңіз. Шыны ыстық болуы мүмкін.
- Толтырмасы бар немесе ішіне нәрсе салынған, нұқсан келген заттарды келтірмеңіз.
- Егер кірді дақ кетіргішпен жусаңыз, кептіру циклы алдында қосымша шаю циклын орындаңыз.
- Кірдегі темір заттардың барлығының алынғанына көз жеткізіңіз.
- Кір жуғыш машинада кептіруге болатын маталарды ғана кептіріңіз. Матаның затбелгісіндегі нұсқауларды орындаңыз.
- Пластик заттар қызуға төзімді емес.
 - Егер жуғыш зат салынған шарикті пайдалансаңыз, оны кептіру бағдарламасын орнатпай тұрып алыңыз.

- Тоқтамайтын бағдарламаны орнатқан кезде жуғыш зат шаригін пайдаланбаңыз.




ЕСКЕРТУ!

Жарақат алу немесе құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.

- Ашық тұрған есіктің үстіне отыруға немесе үстіне шығып тұруға болмайды.
- Суы сорғалап тұрған киімдерді құрылғыға салып келтірмеңіз.

3. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ

3.1 Құрылғының жалпы көрінісі




- 1 Жұмыс тақтасы
- 2 Жуғыш зат үлестіргіші
- 3 Басқару панелі
- 4 Есіктің тұтқасы
- 5 Техникалық ақпарат тақтайшасы
- 6 Су төгетін сорғының сүзгісі
- 7 Құрылғы деңгейін реттеуге арналған тірек

3.2 Бала қауіпсіздігі құралын қалай қосу керек

Бұл құрал балалар немесе үй жануарлары құрылғыға кіріп кетуден қорғайды.

Құралды сағат тілінің бағытымен көртігі көлденең қалыпқа келгенше бұраңыз.
Есікті жаба алмайсыз.



Есікті жабу үшін, құралды сағат тілінің бағытына қарсы, көртігі тік қалыпқа келгенше бұраңыз.

3.3 Орнатуға арналған жинақ (4055171146)


Уәкілетті дилерден алуға болады.

Егер құрылғыны плинтұсқа орнатсаңыз, құрылғыны орнату тақтайшасына бекіту керек.

Керек-жарақтармен бірге берілген нұсқаулықты мұқият оқыңыз.


4. БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

4.1 Басқару панелінің сипаттамасы























- | | |
|--|--|
| 1 Қосу/Өшіру түймешігі | 7 Тоқтата тұру түймешігі |
| 2 Бағдарлама түймешесі | 8 Уақытты үнемдеу түймешігі |
| 3 Дисплей | 9 Қосымша шаю түймешігі |
| 4 Кептіру деңгейі түймешігі | 10 Дақтар/Алдын ала жуу түймешігі |
| 5 Кептіру уақыты түймешігі | 11 Айналдыру түймешігі |
| 6 Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігі | 12 Температура түймешігі |




4.2 Дисплей





Бейнебетте төмендегілер көрсетіледі:

A		Орнатылған бағдарламаның температурасы
		Суық су
B		Орнатылған бағдарламаның айналдыру жылдамдығы
		Айналдырмау индикаторы ¹⁾
		Шаюды кідірту белгішесі
1) АЙНАЛДЫРУ/СУ ТӨГУ бағдарламасында ғана жұмыс істейді.		
<p>Цикл белгішелері Бағдарлама орнатылған кезде, бағдарламаның циклдарына қатысты белгішелердің барлығы жанады. Бағдарлама басталғанда, тек орындалып тұрған циклдің ғана белгішесі жыпылықтайды. Бағдарлама аяқталғанда, соңғы циклдің белгішесі жанып тұрады.</p>		
C		Алдын ала жуу циклі
		Жуу циклы
		Шаю циклы
		Айналдыру циклы
D		Кептіру бағдарламасын орнатқанда, кептіру белгішесі жанады.
E		Бу бағдарламасын орнатқанда, бу белгішесі жанады.
F		Кептіру бағдарламасын орнатқанда, мыжылудан сақтау белгішесі жанады.
G		Белгіше көрсетіліп тұрғанда құрылғының есігін аша алмайсыз. Есікті белгіше көрінбей кеткенде ғана аша аласыз.
		Бағдарлама аяқталса да, белгіше көрсетіліп тұрса: <ul style="list-style-type: none"> • «Шаюды кідірту» функциясы қосұлы. • Барабанның ішінде су бар.
H		Бала қауіпсіздігі құралының белгішесі, осы құрал іске қосылған кезде жанады.
I		Кешіктіріп бастау функциясын орнатқан кезде, кешіктіріп бастау белгішесі жанады.





J		Бағдарлама уақыты (жуу және/немесе кептіру кезеңі) Бағдарлама басталған кезде, бағдарламаның уақыты 1 минутқа кеміп отырады.
		Кешіктіріп бастау Кешіктіріп бастау түймешігін басқан кезде бейнебетте кешіктіріп бастау уақыты көрсетіледі
		Ескерту кодтары Құрылғыда ақау бар болса, бейнебетте ескерту кодтары көрсетіледі. «Ақаулықты түзету» тарауын қараңыз.
		Келесі жағдайларда бейнебетте мына хабар бірнеше секунд көрсетіледі: <ul style="list-style-type: none"> • Функцияны жуу бағдарламасымен бірге орната алмаған кезде. • Жұмыс істеп тұрған бағдарламаны өзгертуге әрекет жасаған кезде.
		Бағдарлама аяқталған кезде.











Құрғақтық деңгейінің белгілері: бұлар автоматты кептіруді орнатқан кезде жанады.	
K	 Өте құрғақ деңгейінің белгісі
	 Шкафқа сақтау құрғақтығы белгісі
	 Үтіктеу құрғақтығы белгісі

L	 Кептіру бағдарламасын орнатқанда, кептіру уақытының белгішесі жанады.
---	--

M	 Құрылғы жуғыш заттың тым көп салынғанын анықтаса, циклдің соңында жуғыш заттың шамадан тыс салынғанын көрсететін белгі жанады.
---	--

Графикалық жолақ



	Егер функцияны орнатылған бағдарлама үшін таңдауға болса ғана бос индикатор жолағы көрсетіледі.
 	Индикатордың жолағы орнатылған функцияларға қарай тола бастайды.
	Егер теріс функция таңдалса, Err жазуы көрсетіліп, таңдаудың теріс екенін көрсетеді.


		Бағдарлама ұзақтығының бірін орнатқан кезде Уақытты үнемдеу индикаторы жанады.
N		Қысқарған уақыт
		Өте жылдам
		Осы функция іске қосылған кезде Қосымша шаю белгішесі жанады.
O		Бұл мән шаю циклдерінің жалпы санын көрсетеді.
		Шаю циклдерінің ең үлкен санын орнатқан кезде индикатордың жолағы толық көрсетіледі.
		Функцияны іске қосқан кезде Дақтар индикаторы жанады.
P		Осы функция іске қосылған кезде Алғашқы жуу белгішесі жанады.
		Функциялардың тек біреуін ғана орнатқан кезде индикатор жолағы толық болмайды.
		Екі функцияны орнатқан кезде индикатор жолағы толық болып көрсетіледі.

5. БАҒДАРЛАМАЛАР

5.1 Бағдарлама кестесі

Бағдарлама Температура ауқымы	Ең үлкен салмақ Ең үлкен айналдыру жылдамдығы	Бағдарлама сипаттамасы (Кірдің салмағы және кірлеу дәрежесі)
Жуу бағдарламалары		
Мақта мата 95°C - Суық	9 кг 1600 мин/айн	Ақ және түрлі-түсті мақта мата. Қалыпты және шамалы ластанған кір.
Мақта мата Эко ¹⁾ 60°C - 40°C	9 кг 1600 мин/айн	Ақ мақта мата және бояуы қанық мақта мата. Қалыпты кірлеген. Қуатты пайдалану азаяды және жуу бағдарламасының уақыты ұзарады.
Синтетика 60°C - Суық	4 кг 1200 мин/айн	Синтетика немесе аралас матадан жасалған заттар. Қалыпты кірлеген.

Бағдарлама Температура ауқымы	Ең үлкен салмақ Ең үлкен айналдыру жылдамдығы	Бағдарлама сипаттамасы (Кірдің салмағы және кірлеу дәрежесі)
Жібек мата 30°C	1 кг 1200 мин/айн	Жібек және аралас синтетикалық заттарға арналған арнайы бағдарлама.
 Жүн мата/Қолмен жуу 40°C - Суық	2 кг 1200 мин/айн	«Қолмен жуу» белгісі бар нәзік маталар, машинамен жууға болатын жүн маталар және қолмен жууға болатын жүн маталар.²⁾
NonStop 60мин. 40°C - 30°C	1 кг 1200 мин/айн	Аралас матадан (мақта мата және синтетика заттар) жасалған аз мөлшердегі заттарды жууға арналған, жуу және кептіру циклынан тұратын толық бағдарлама.
Аллергияға қарсы 60° C	9 кг 1600 мин/айн	Ақ мақта мата заттар. Бұл бағдарлама 60°C градуста жуу циклінің көмегімен микро-ағзаларды жояды және бір шаю циклін қосады. Осылайша киім барынша тиімді жуылады.
Жуу бағдарламалары		
 Бу 40°C	1,5 кг	Мақта мата және синтетика заттарға арналған бу бағдарламасы. Бұл цикл кірді жаңартып, қыжымын кетіруге көмектеседі.
Бу бағдарламалары³⁾		
Бу циклін кепкен, жуылған немесе бір рет жуылған кір үшін қолдануға болады. Бұл бағдарламалар кірдің бырысын жазып, иісін азайтып, матаны барынша тегіс етуге көмектеседі.		
Ешбір жуғыш зат қолданбаңыз. Егер қажет болса, дақты жуу немесе жумай тұрып тазарту арқылы кетіріңіз.		
Бу бағдарламалары ешбір зарарсызданыру циклін орындамайды.		
Мына заттар үшін Бу бағдарламасын орнатпаңыз:		
<ul style="list-style-type: none"> • зат белгісінде кептіргіш машинада кептіруге болады деген жазуы жоқ заттар. • пластик, темір, ағаш немесе сол сияқты заттар тағылған киімдердің барлығы. 		

Бағдарлама Температура ауқымы	Ең үлкен салмақ Ең үлкен айналдыру жылдамдығы	Бағдарлама сипаттамасы (Кірдің салмағы және кірлеу дәрежесі)
Шаю Суық	9 кг 1600 мин/айн	Кірді шаюға және айналдыруға арналған. Барлық маталар , жүн мата мен өте нәзік матадан басқа. Айналыдыру жылдамдығын матаның түріне қарай азайтыңыз.
Айналыдыру/Шаю ⁴⁾	9 кг 1600 мин/айн	Кірді айналыдыруға және барабандағы суды төгуге арналған. Барлық маталар .
20 мин. - 3 кг 40°C - 30°C	3 кг 1200 мин/айн	Шамалы кірлеген немесе бір рет ғана киілген мақта мата және синтетика заттар.
Easy Iron (Жеңіл үтіктеу) 60°C - Суық	4 кг 800 мин/айн	Баппен жуылатын синтетикалық заттар . Қалыпты және шамалы ластанған кір. ⁵⁾
Нәзік мата 40°C - Суық	4 кг 1200 мин/айн	Акрил, вискоза, полиэстер тәрізді биязы матадан жасалған заттар . Қалыпты кірлеген.
Кептіру бағдарламалары		
 Wool (Жүн мата)	1 кг	Жүн матаны кептіруге арналған бағдарлама.
Синтетика	3 кг	Синтетикалық заттарды кептіруге арналған бағдарлама.

Бағдарлама Температура ауқымы	Ең үлкен салмақ Ең үлкен айналдыру жылдамдығы	Бағдарлама сипаттамасы (Кірдің салмағы және кірлеу дәрежесі)
Мақта мата	6 кг	Мақта мата заттарды кептіруге арналған бағдарлама.

1) 60°C градуспен жуатын Мақта мата Эко жуу бағдарламасы (9 кг үшін) және Мақта мата кептіру бағдарламасы - қуат мәндері ЕЕС 92/75 стандарттары бойынша көрсетілген тақтайшадағы ақпарат негізінде берілген үлгілік бағдарлама.




Жуу циклы суының температурасы таңдалған бағдарламаға арнап көрсеткен температурадан өзгеше болуы мүмкін.

- Осы цикл кезінде кірді баппен жуу үшін барабан баяу айналады. Барабан айнамай тұрған сияқты немесе дұрыс айнамай тұрған сияқты көрінуі мүмкін. Бұл құрылғы үшін қалыпты жағдай.
- Бу бағдарламасын кепкен кір үшін орнатқан кезде, цикл соңында кір дымқыл болуы мүмкін. Кірді кептіріп алу үшін таза ауаға шамамен 10 минут қою керек. Бағдарлама аяқталған кезде кірді барабаннан дереу алыңыз. Бу циклі аяқталғаннан кейін, кірді бәрібір үтіктеу керек, бірақ ол жеңіл үтіктеледі!
- Айналымы жылдамдығын орнатыңыз. Оның кірге сай келетініне жақсылап көз жеткізіңіз. Егер Айналымымау циклын орнатсаңыз, тек су тегу циклы ғана жұмыс істейді.
- Бұл цикл кірлер мыжылып қалмас үшін судың температурасын реттеп, баппен жуады және сығады. Құрылғы бірнеше шаю циклдарын қосады. Бұл бағдарлама кептіру циклымен үйлесімді емес.

Бағдарлама опцияларының сәйкестігі

Бағдарлама	Айналымы	---	Дақтар/ Алдын ала жуу ¹⁾	Қосымша шаю ²⁾	Уақытты үнемдеу ³⁾	Тоқтата тұру
Мақта мата	■	■	■	■	■	■
Мақта мата Эко	■	■	■	■	■ ⁴⁾	■
Синтетика	■	■	■	■	■	■
Жібек мата	■					■
Жүн мата/Қолмен жуу 	■	■				■
NonStop 60мин.						■
Аллергияға қарсы	■	■	■	■		■
Бу						■
Шаю	■	■				■

Бағдарлама	Айналыдыру	---		Дақтар/Алдын ала жуу ¹⁾	Қосымша шаю ²⁾	Уақытты үнемдеу ³⁾	Тоқтата тұру
Айналыдыру/Шаю	■	■					■
20 мин. - 3 кг	■						■
Easy Iron (Жеңіл үтіктеу)	■		■	■ ⁵⁾	■	■	■
Нәзік мата	■		■	■	■	■	■

1) Егер сұйық жуғыш затты қолдансаңыз, Алдын ала жуу циклі жоқ бағдарламаны орнатыңыз. Дақ функциясы 40°C градустан төмен температурада жұмыс істемейді.



2) Егер тұрақты түрде Қосымша шаю функциясы қосылса, құрылғы қосымша шаю циклдарын қосады. Шаю бағдарламасы үшін төмен жылдамдықпен айналыдыру циклын орнатсаңыз, құрылғы баппен шаю және қысқа айналыдыру циклын орындайды.


3) Егер қысқа цикл уақытын орнатсаңыз, кірдің мөлшерін азайтуды ұсынамыз. Құрылғыға кірді толтыра салуға болады, бірақ жуу нәтижесі төмендейді.

4) Бұл бағдарлама үшін Өте жылдам циклды ғана орнатуға болады.

5) Тек Алдын ала жуу функциясына қол жетімді.

5.2 Автоматты түрде кептіру

Құрғақтық деңгейі	Матаның түрі	Салыным
 Өте құрғақ Сүлгі материалдарына арналған	Мақта мата және Зығыр мата (монша халаттары, монша сүлгілері, т.с.с.)	6 кг-ға дейін
 Шкафқа¹⁾ Жинап қойылатын заттарға арналған	Мақта мата және Зығыр мата (монша халаттары, монша сүлгілері, т.с.с.)	6 кг-ға дейін
	Синтетика және аралас маталар (джерпер, блуза, іш киімдер, тұрмыста пайдаланылатын жапқыштар)	3 кг-ға дейін
	Жібек маталар (блуза, жейде, киім.)	1 кг-ға дейін
	Жүн мата (жүн жемпір)	1 кг-ға дейін

Құрғақтық деңгейі	Матаның түрі	Салыным
 Үтіктеуге Үтіктеуге жарамды	Мақта мата және Зығыр мата (ақжаймалар, үстел жапқыштар, жейделер т.с.с.)	6 кг-ға дейін

1) **Сынақтан өткізетін мекемеге арналған кеңестер** EN 50229 стандартына сай сынақты БІРІНШІ кептірілетін кірді салып, ең үлкен көрсетілген кептіру параметрлері бойынша, (кірдің құрамы EN61121 стандартына сай) АВТ. ШКАФҚА бағдарламасын Мақта мата режиміне қойып орындау керек. ЕКІНШІ кептірілетін кірлерді қалған кірмен бірге, АВТ. ШКАФҚА бағдарламасын Мақта мата режиміне қойып орындау керек.

5.3 Уақыты қойылған кептіру циклы

Құрғақтық деңгейі	Матаның түрі	Салмақ (кг)	Айналыс ыру жылдамдығы (айн/мин)	Ұсынылатын уақыт (мин)
Өте құрғақ Сүлгі материалдарына арналған	Мақта мата және Зығыр мата (монша халаттары, монша сүлгілері, т.с.с.)	6	1600	220 - 240
		4	1600	140 - 160
		2	1600	100 - 110
Шафқа Жинап қойылатын заттарға арналған	Мақта мата және Зығыр мата (монша халаттары, монша сүлгілері, т.с.с.)	6	1600	210 - 230
		4	1600	130 - 150
		2	1600	90 - 100
Шафқа Жинап қойылатын заттарға арналған	Синтетика және аралас маталар (джемпер, блуза, іш киімдер, тұрмыста пайдаланылатын жапқыштар)	3	1200	100 - 110
		1	1200	40 - 50
		Жүн мата (жүн мата джемперлер)	1	1200
Үтіктеуге Үтіктеуге жарамды	Мақта мата және Зығыр мата (ақжаймалар, үстел жапқыштар, жейделер т.с.с.)	6	1600	150 - 170
		4	1600	85 - 105
		2	1600	55 - 65

5.4 Woolmark Apparel Care - Көк



- Woolmark компаниясы бұл машинаның жүн матаны жуу бағдарламасын сертификаттаған, дегенмен бұл компанияның талабы бойынша «қолмен жуу» деген затбелгісі бар заттарды, осы кір жуғыш машинаны өндірушінің

нұсқауларын сақтап жуу керек. Киімді кептіру және басқа нұсқауларды күтім көрсету белгісінен қараңыз. M1144

- Woolmark компаниясы бұл машинаның жүн матаны кептіру бағдарламасын сертификаттаған, дегенмен бұл компанияның талабы бойынша «қолмен жуу» деген затбелгісі бар заттарды, осы машинаны өндірушінің нұсқауларын сақтап кептіру керек. Киімге күтім көрсетуге қатысты басқа нұсқауларды киімге күтім көрсету белгісінен қараңыз. M1224

Ұлыбританияда, Ирландияда, Гонконг пен Индияда Woolmark белгісі - сертификатталған сауда белгісі болып табылады.

6. ПАЙДАЛАНУ КӨЛЕМІ



Осы кестеде жалпылама орташа мәндер көрсетілген. Әр түрлі себептер деректердің өзгеруіне әкелуі мүмкін: кірдің мөлшері мен түрі, судың және қоршаған ортаның температурасы.



Бағдарлама басталған кезде бейнебетте кірдің ең көп мөлшеріне арналған бағдарламаның ұзақтығы көрсетіледі. Жуу циклы кезінде бағдарлама ұзақтығы автоматты түрде есептеледі және салынған кірдің салмағы кірдің ең көп мөлшерінен аз болса барынша азаяды (мысалы, Мақта мата 60°C, кірдің ең көп мөлшері 9 кг болса, онда бағдарлама ұзақтығы 2 сағаттан асады; нақты салмақ 1 кг болса, бағдарлама ұзақтығы 1 сағатқа жетпейді). Құрылғы бағдарламаның нақты уақытын есептеп тұрғанда бейнебетте нүкте жыпылықтайды.

Бағдарламалар	Салмақ (кг)	Қуат тұтыну (кВт/сағ)	Суды пайдалану (литр)	Бағдарламаның болжалды ұзақтығы (минут)
Мақта мата 60 °C	9	1.6	69	168
Мақта мата Эко Мақта мата, үнемді 60 °C бағдарламасы ¹⁾	9	1.05	56	244
Мақта мата 40 °C	9	1.0	69	164

Бағдарламалар	Салмақ (кг)	Қуат тұтыну (кВт/сағ)	Суды пайдалану (литр)	Бағдарламаның болжалды ұзақтығы (минут)
Синтетика 40 °C	4	0.6	48	105
Нәзік мата 40 °C	4	0.7	58	86
Жүн мата/Қолмен жуу 30 °C	2	0.35	57	61

1) 9 кг салмаққа арналған «Мақта мата, үнемді 60°C бағдарламасы» қуат мәндері көрсетілген тақтайшадағы ақпарат негізінде ЕЕС 92/75 стандарттарына сай берілген бағдарлама.

7. ФУНКЦИЯЛАР

7.1 Қосу/Өшіру

Құрылғыны қосу немесе сөндіру үшін осы түймешікті басыңыз. Құрылғы іске қосылған кезде дыбыстық сигнал естіледі.

АВТ. Күту режимі функциясы қуатты аз қолдану үшін келесі жағдайларда құрылғыны автоматты түрде сөндіреді:

- Start/Pause (Бастай/Үзіліс) түймешігін басар алдында құрылғы 5 минут қолданылмай тұрса. Барлық параметр біржола тоқтатылады. Құрылғыны қайта іске қосу үшін Қосу/Өшіру түймешігін басыңыз. Жуу бағдарламасын және барлық қажетті функцияларды қайта орнатыңыз.
- Жуу бағдарламасы аяқталғаннан кейін 5 минут өткен соң «Бағдарламаның соңы» тарауын қараңыз

7.2 Бағдарлама түймешесі

Бағдарламаны орнату үшін осы тетікті бұраңыз. Тиісті бағдарламаның индикаторы жанады.

7.3 Температура

Өдепкі температураны өзгерту үшін осы түймешікті басыңыз. Дисплейде

✱ және — — пайда болған кезде құрылғы суды қыздырмайды.

7.4 Айналдыру

Төмендегі әрекеттерді орындау үшін осы түймешікті басыңыз:

- Бағдарламаның айналдыру циклінің ең үлкен жылдамдығын азайту үшін.




Бейнебетте тек орнатылған бағдарлама үшін таңдауға болатын айналдыру жылдамдықтары ғана көрсетіледі.

- Айналдыру циклін ажыратыңыз.
- **Шаюды кідірту** функциясын іске қосыңыз. Мата мыжылып қалмас үшін осы функцияны орнатыңыз. Бағдарлама аяқталған кезде құрылғы суы төгілмейді.

7.5 Дақтар/Алдын ала жуу

Бағдарламаға дақ және/немесе алдын ала жуу циклін қосу үшін түймешікті басыңыз.

Бір немесе екі функцияны іске қосу үшін түймешікті қайта-қайта басыңыз. Бейнебетте тиісті белгіше және индикатор жолағы көрсетіледі.

- **Дақтар:** Дағы оңай кетпейтін кірлерді жуу үшін осы функцияны қолданыңыз. Осы функцияны орнатқан кезде, дақ кетіргішті  бөлігіне салыңыз.

Бұл функция бағдарламаның уақытын ұзартады.

i Бұл параметр 40° С градустан төмен температурада жұмыс істемейді.

- **Алғашқы жуу:** Жуу циклінен бұрын орындалатын алдын ала жуу циклін қосу үшін осы параметрді қолданыңыз. Қатты кірлеген кірді жуу үшін осы параметрді қолдануды ұсынамыз.

i Осы параметрді орнатқан кезде бағдарламаның уақыты ұзарады.

7.6 Қосымша шаю

Бағдарламаға қосымша шаю циклдарын қосу Қосымша шаю түймешігін басыңыз.

Жуғыш заттарға аллергиясы бар адамдар үшін немесе суы тым тұщы жерлерде осы функцияны қолданыңыз.

7.7 Уақытты үнемдеу

Осы функция арқылы бағдарламаның уақытын азайтуға болады.

- Күнделікті ластанатын киімдер үшін «Қысқартылған уақыт» функциясын осы түймешікті бір басып орнатыңыз.
- Шамалы кірлеген заттар үшін «Өте жылдам» функциясын осы түймешікті екі рет басып орнатыңыз.

i Кей бағдарламаларда екі функцияның тек біреуін ғана орнатуға болады.

7.8 Тоқтата тұру

Осы параметрдің көмегімен бағдарламаны 30 минуттан 20 сағатқа дейін кешіктіріп бастауға болады.




Бейнебетте тиісті индикатор және кешіктіру уақыты пайда болады.

7.9 Start/Pause (Бастау/Үзіліс)

Бағдарламаны бастау немесе кідірту үшін Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігін басыңыз.

7.10 Кептіру деңгейі

Осы түймешікті басып құрылғы ұсынатын 3 автоматты құрғақтық деңгейінің бірін орнатыңыз. Дисплейде орнатылған деңгейдің белгішесі көрсетіледі:

-  **Үтіктеу құрғақтығы** – үтіктелетін кір
-  **Шкафқа** – шкафқа салуға жарамды
-  **Өтке құрғақ** – әбден құрғатылатын кір

i Матаның бір түріне арналған уақыттардың барлығын орнату мүмкін емес.

7.11 Кептіру уақыты

Маталарды кептіру уақытын орнату үшін осы түймешікті басыңыз. Бейнебетте параметрдің орнатылған мәні көрсетіледі.

Осы түймешікті басқан сайын уақыт мәні 5 минутқа артып отырады.




i Маталарға арнап әр түрлі уақыттарды орнату мүмкін емес.

8. ПАРАМЕТРЛЕР

8.1 Дыбыстық сигналдар

Дыбыстық сигналдар мына жағдайларда қосылады:

- Құрылғыны іске қосқанда.
- Құрылғыны сөндіргенде.
- Түймешіктерді басқанда.
- Бағдарлама аяқталғанда.
- Құрылғыда ақау бар кезде.




Дыбыстық сигналдарды **сөндіру/қосу** үшін  /  және  түймешіктерін 6 секунд қатар басыңыз.



Егер дыбыстық сигналдарды сөндірсеңіз, олар құрылғыда ақау пайда болған кезде қосыла береді.

8.2 Бала қауіпсіздігінің құралы

Осы функцияның көмегімен балалар басқару панелімен ойнауға жол бермейсіз.



- Осы функцияны **іске қосу/ажырату** үшін  және  түймешіктерін  индикаторы **жанғанша/сөнгенше қатар басыңыз**.

Мына параметрді қосуға болады:

- Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігін басқаннан кейін: функциялар мен бағдарлама тетігі бұғатталады.
- Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігін баспай тұрып: құрылғы іске қосылмайды.

8.3 Тұрақты қосымша шаю

Осы функцияның көмегімен жаңа бағдарлама орнатқан кезде қосымша шаю циклі тұрақты орнатылып тұрады.

- Осы функцияны **іске қосу/ажырату** үшін  және  түймешіктерін Қосымша шаю **индикаторы жанғанша/сөнгенше қатар басыңыз**.

9. КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ - ТЕК ЖУУ

9.1 Бірінші қолданғанға дейін

1. Жуу циклына арналған бөлікке шамалы жуғыш зат салыңыз.
2. Мақта матаға арналған бағдарламаны орнатып, ең жоғары температураға қойып ешбір кір салмай жуыңыз.


Бұл цикл барабан мен машинаның ішінде бар болуы мүмкін кірлердің барлығын кетіреді.

9.2 Кірді салу

1. Құрылғының есігін ашыңыз
2. Кірді барабанға бір-бірден салыңыз.
3. Кірлерді құрылғыға салар алдында сілкілеңіз.

Барабанға тым көп кір салынбағанына көз жеткізіңіз.


4. Есікті нығыздап жабыңыз.








АБАЙЛАҢЫЗ

Тығыздағыш пен есіктің арасына ешбір кір қыстырылып қалмағанына көз жеткізіңіз. Су ағуы немесе кірге нұқсан келуі мүмкін.

9.3 Жуғыш зат пен үстемелерді салу




-  Алдын ала жуу циклына, жібіту бағдарламасына немесе дақ кетіргішке арналған қорапша.
-  Жуу циклына арналған бөлік.
-  Сұйық үстемелерге арналған бөлік (мата жұмсартқыш, крахмал).
- MAX** Сұйық үстемелердің мөлшеріне арналған ең жоғары деңгей.
-  Ұнтақ немесе сұйық жуғыш затқа арналған белгіш.


 Жуғыш заттардың орамында көрсетілетін нұсқауларды әрқашан орындаңыз.

9.4 Бөлгіштің орнын тексеріңіз


1. Жуғыш зат үлестіргішті тоқтап қалғанша сыртқа қарай тартыңыз.
2. Үлестіргішті алу үшін тетігін төмен басыңыз.




3. Ұнтақ жуғыш затты қолдану үшін бөлгішті жоғары бұраңыз.



4. Сұйық жуғыш затты қолдану үшін бөлгішті төмен бұраңыз.



 **Бөлгіш ТӨМЕН қалыпта тұрған кезде:**

- Қоймалжың немесе қою сұйық жуғыш заттарды қолданбаңыз.
- Сұйық жуғыш затты бөлгіште көрсетілген межеден асырмаңыз.
- Алдын ала жуу циклын орнатпаңыз.
- Кешіктіріп бастау функциясын орнатпаңыз.

5. Жуғыш зат пен мата жұмсартқышты өлшеп алыңыз.
6. Жуғыш зат үлестіргішін абайлап жабыңыз.

Үлестіргішті жапқан кезде бөлгіштің ешбір бөгет жасамайтынына көз жеткізіңіз.

9.5 Құрылғыны іске қосу

1. Ашаны розеткаға қосыңыз.
 2. Су құятын шүмекті ашыңыз.
 3. Құрылғыны іске қосу үшін Қосу/Өшіру түймешігін басыңыз.
- Қысқа дыбыстық сигнал естіледі.


9.6 Бағдарламаны орнату

1. Бағдарлама тетігін бұрап, жуу бағдарламасын орнатыңыз:
 - Тиісті бағдарламаның индикаторы жанады.
 - Start/Pause (Бастау/Үзіліс) индикаторы жыпылықтайды.
 - Бейнебетте төмендегілер көрсетіледі: әдепкі температура, айналдыру жылдамдығы, бағдарлама циклдарының индикаторлары және бағдарламаның ұзақтығы.
2. Қажет болса, температураны, айналдыру жылдамдығын, циклдың ұзақтығын өзгертіңіз немесе қолжетімді параметрлерді қосыңыз. Параметрді қосқан кезде орнатылған параметрдің индикаторы жанады.



Егер қате орнатып қойсаңыз, бейнебетте **Err** жазуы пайда болады.

9.7 Кешіктіріп бастау функциясы жоқ бағдарламаны бастау

Бағдарламаны бастау үшін Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігін басыңыз. Тиісті индикаторы жыпылықтауын тоқтатып, жанған қалпы тұрады. Бейнебетте орындалып тұрған цикл индикаторы жыпылықтай бастайды. Бағдарлама басталады, есік бұғатталады. Бейнебетте  индикаторы пайда болады.



Құрылғыға су құйылған кезде су төгетін сорғы шамалы уақыт жұмыс істейді.

9.8 Құрылғының жұмысы



Бағдарлама басталғаннан кейін шамамен 15 минуттан кейін:

- Барынша аз уақыт ішінде тамаша нәтижеге қол жеткізу үшін құрылғы цикл уақытын барабанға салынған кірге қарай отырып, автоматты түрде реттейді.
- Бейнебетте жаңа уақыт мәні көрсетіледі.

9.9 Кешіктіріп бастау функциясы бар бағдарламаны бастау

1. Бейнебетте кешіктірілетін минут немесе сағат мәндері көрсетілгенше Тоқтата тұру түймешігін қайта-қайта басыңыз. Тиісті индикатор жанады.
2. Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігін басыңыз. Құрылғы кешіктіріп бастау функциясының кері санағын бастайды. Кері санақ аяқталған кезде, бағдарлама автоматты түрде басталады.




Құрылғыны іске қосу үшін Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігін баспай тұрып, орнатылған кешіктіріп бастау функциясын біржола тоқтатуға немесе өзгертуге болады.

9.10 «Кешіктіріп бастау» функциясын болдырмау

Кешіктіріп бастау функциясын болдырмау үшін:

1. Құрылғыны кідірту үшін Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігін басыңыз.

Тиісті индикатор жыпылықтайды.

2. Тоқтата тұру түймешігін бейнебетте  пайда болғанша қайта-қайта басыңыз.
3. Бағдарламаны дереу бастау үшін Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігін қайта басыңыз.

9.11 Бағдарламаны кідірту және функцияны өзгерту

Кей функцияларды ғана басталмай тұрып өзгертуге болады.

1. Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігін басыңыз. Тиісті индикатор жыпылықтайды.
2. Орнатылған опцияны өзгертіңіз.
3. Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігін қайта басыңыз. Бағдарлама жалғасады.

9.12 Жұмыс істеп тұрған бағдарламаны болдырмау

1. Бағдарламаны біржола тоқтатып құрылғыны сөндіру үшін Қосу/Өшіру түймешігін басыңыз.
2. Құрылғыны іске қосу үшін Қосу/Өшіру түймешігін қайта басыңыз.

Енді жаңа жуу бағдарламасын орнатуға болады.



Жаңа бағдарламаны бастау алдында құрылғының суы төгіледі. Бұл жағдайда, жуғыш зат үлестіргіште жуғыш заттың әлі бар екеніне көз жеткізіңіз, егер жоқ болса қайтадан толтырыңыз.

9.13 Есікті ашу



Егер барабан ішіндегі судың температурасы мен деңгейі өте жоғары болса және/немесе барабан әлі айналып тұрса, есікті аша алмайсыз.

Бағдарлама немесе кешіктіріп бастау жұмыс істеп тұрғанда, құрылғының есігі бекітулі тұрады.



1. Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігін басыңыз.

Бейнебеттегі есік бұғатының индикаторы сөнеді.

2. Құрылғының есігін ашыңыз.
3. Есікті жауып, Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігін басыңыз. Бағдарлама немесе кешіктіріп бастау функциясы жалғасады.

9.14 Циклдың соңы

Бағдарлама аяқталғанда құрылғы автоматты түрде тоқтайды. Дыбыстық сигналдар естіледі (егер қосылып тұрса).

Дисплейде  жанады және есік бұғатының индикаторы  сөнеді.

Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігінің индикаторы сөнеді.

1. Құрылғыны сөндіру үшін Қосу/Өшіру түймешігін басыңыз.

Бағдарлама аяқталғаннан кейін бес минут өткеннен кейін, қуат үнемдеу функциясы құрылғыны автоматты түрде сөндіреді.




Құрылғыны қайта іске қосқанда, бейнебетте соңғы орнатылған бағдарламаның аяқталуы көрсетіледі. Жаңа циклді орнату үшін бағдарлама тетігін бұраңыз.

2. Құрылғыдан кірді алыңыз.
3. Барабанның бос екеніне көз жеткізіңіз.
4. Зең және иіс пайда болмас үшін есікті сәл ашып қойыңыз

9.15 Цикл аяқталғаннан кейін суды төгу

Жуу бағдарламасы аяқталды, бірақ барабанда су тұр:


Кір мыжылып қалмас үшін барабан мезгіл-мезгіл айналып тұрады.

Есік бұғаттаулы  индикаторы жанып тұр. Есік құлыпталып тұрады.

Есікті ашу үшін суды төгу керек:

1. Қажет болса, айналдыру жылдамдығын азайтыңыз.
2. Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігін басыңыз.

Құрылғы суды төгеді де, айналдыру кезеңін орындайды.

3. Бағдарлама аяқталып, есік бұғаттаулы индикаторы  көрінбей кеткенде есікті ашуға болады.
4. Құрылғыны сөндіру үшін Қосу/Өшіру түймешігін бірнеше секунд басыңыз.



Құрылғы шамамен 18 сағаттан кейін суды автоматты түрде төгеді және айналдырады.

9.16 АВТ. Күту режимі функциясы

АВТ. Күту режимі функциясы қуатты аз қолдану үшін келесі жағдайларда құрылғыны автоматты түрде сөндіреді:

- Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігін басар алдында құрылғы 5 минут қолданылмай тұрса. Құрылғыны қайта іске қосу үшін Қосу/Өшіру түймешігін басыңыз.
- Жуу бағдарламасы аяқталғаннан кейін 5 минут өткен соң Құрылғыны қайта іске қосу үшін Қосу/Өшіру түймешігін басыңыз. Бейнебетте соңғы орнатылған бағдарламаның соңы көрсетіледі. Жаңа циклді орнату үшін бағдарлама тетігін бұраңыз.



Аяқталған кезде барабан ішінде су қалатын функцияны таңдасаңыз, АВТ. Күту режимі функциясы суды төгу қажет екенін ескерту үшін құрылғыны **сөндірмейді**.

10. КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ - ТЕК КЕПТІРУ



ЕСКЕРТУ!

Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

10.1 Кептіруге дайындық

1. Құрылғыны іске қосу үшін Қосу/Өшіру түймешігін бірнеше секунд басыңыз
2. Кірді бір-бірден салыңыз.
3. Бағдарлама тетігін кірлерді кептіруге сай келетін кептіру бағдарламасына бұраңыз.

Дисплейде ең аз шама және келесі белгілер пайда болады:



Кептіру белгісі жанады.



Мыжылудан сақтау белгісі жанады.



Кептіру уақытының белгісі жанады.



Көп кір кептірген кезде кептіру нәтижесі жақсы болу үшін кірлердің оратылып қалмағанына және барабан ішіне біркелкі таратылып салынғанына көз жеткізіңіз.



Кір жуған кезде ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін сол кірлерге арналған ең үлкен жылдамдығы бар айналдыру циклын орнатыңыз.




Кірлеріңізді екі жолмен кептіре аласыз:

10.2 Автоматты түрде кептіру

1. Құрғақтық деңгейлерінің бірінің астында қара сызық пайда болғанша Кептіру деңгейі түймешігін қайта-қайта басыңыз:






Өте құрғақ деңгей


	Шафқа жарамды құрғақтық
	Үтіктеуге жарамды құрғақтық
	Кептіру уақытының белгісі сөнеді

Дисплейде әдепкі кір салынымы салмағының негізінде есептелген уақыт мәні көрсетіледі. Егер кірдің мөлшері әдепкі мөлшерден көп немесе аз болса, цикл орындалып тұрғанда құрылғы уақыт мәнін автоматты түрде реттейді.

2. Бағдарламаны бастау үшін Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігін басыңыз. Дисплейде:



	Есік бекітулі белгісі жанады.
	Кептіру белгісі жыпылықтай бастайды.
	Орнатылған деңгейдің белгісі (мысалы, Шафқа) жанып тұрады. Басқа деңгей белгілері сөнеді.



Дисплейде кептіру циклының уақыты уақытылы (минут сайын) жаңартып тұрады.

-  Кірдің әр түріне барлық деңгейді қатар орнату мүмкін емес ("Автоматты кептіру бағдарламалары" кестесін қараңыз).




10.3 Уақыты қойылған кептіру циклы


1. Уақыт мәнін орнату үшін Кептіру уақыты түймешігін қайта-қайта басыңыз («Кептіру бағдарламасы» кестесін қараңыз).

	Кептіру белгісі жанады.
	Мыжылудан сақтау белгісі жанады.


	Кептіру уақытының белгісі жанады.
	Уақыт мәнін орнатыңыз.



Осы түймешікті басқан сайын уақыт мәні 5 минутқа артып отырады. Дисплейде орнатылған уақыт мәні көрсетіледі. Бірнеше секундтан кейін дисплейдегі орнатылған уақыт мәні өзгереді: құрылғы мыжылудан сақтау және салқындату циклдарының уақыттарын да есептеп шығарады.

	Соңғы уақыт мәні.
2.	Бағдарламаны бастау үшін Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігін басыңыз. Мәтін жолағы құрылғының кептіріп тұрғанын хабарлайды. Дисплейде әр минут сайын жаңа уақыт мәні көрсетіледі.
	Кептіру белгісі жыпылықтай бастайды.
	Есік бекітулі белгісі жанады.

-  Егер 10 минутқа тең уақытты ғана орнатсаңыз, құрылғы салқындату циклын ғана орындайды.


10.4 Кептіру бағдарламаның соңы

1. Құрылғы автоматты түрде тоқтайды.
2. Дыбыстық сигналдар (егер қосылып тұрса) естіледі.
3. Бейнебетте  жанады.
4. Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігінің индикаторы сөнеді.
5. Кептіру циклының соңғы минуттарында құрылғы мыжылудан сақтау циклын орындайды.

- Мыжылудан сақтау  белгісі жанады. Есік әлі бұғаттаулы ( белгісі жанып тұр).
- Құрылғыны сөндіру үшін Қосу/ Өшіру түймешігін бірнеше секунд басыңыз.



Бағдарлама аяқталғаннан кейін бірнеше минут өткен соң, қуат үнемдеу функциясы құрылғыны автоматты түрде сөндіреді.

- Есік бұғаттаулы индикаторы  сөнгенде, есікті ашуға болады.
- Құрылғыдан кірді алыңыз. Барабанның бос екеніне көз жеткізіңіз.
- Зең және иіс пайда болмас үшін есікті сәл ашып қойыңыз.
- Судың шүмегін жабыңыз.

11. КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ - ЖУУ ЖӘНЕ КЕПТІРУ



ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

11.1 НОН-СТОП бағдарламасы



ЕСКЕРТУ!
Барабанға жуғыш затқа арналған пластик құрал/ шарды салмаңыз.






- Құрылғыны іске қосу үшін Қосу/ Өшіру түймешігін бірнеше секунд басыңыз.
- Кірді бір-бірден салыңыз.
- Жуғыш зат пен үстемелерді тиісті бөліктерге салыңыз.
- Бағдарлама тетігін жуу бағдарламасына бұраңыз. Дисплейде әр түрлі жуу циклдарының индикаторлары көрсетіледі.
- Қолжетімді функцияларды орнатыңыз.



ЕСКЕРТУ!
Орнатылған бағдарламаның автоматты жылдамдығынан аз айналдыру жылдамдығын орнатпаңыз.


11.2 Автоматты деңгейлерде Жуу және Кептіру

- Құрғақтық деңгейлері белгісінің бірінің астында қара сызық пайда болғанша Кептіру деңгейі түймешігін қайта-қайта басыңыз.

	Үтіктеу құрғақтығы деңгейі
	Шкафқа салу құрғақтығы деңгейі
	Өте құрғақ деңгей
	Кептіру белгісі жанады.
	Мыжылудан сақтау белгісі жанады.

Дисплейден құрылғының іске қосылуға дайын екені көрінеді.

Дисплейдегі уақыт мәні, кір салынымының әдепкі салмағының негізінде есептелген жуу және кептіру циклдарының ұзақтығынан тұрады.

 Кірді жақсы кептіру үшін құрылғы жуылатын және кептірілетін заттар үшін өте төмен жылдамдық мәнін орнатуға жол бермейді.

2. Бағдарламаны бастау үшін Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігін басыңыз.



Орнатылған құрғақтық деңгейдің белгісі (мысалы, Шкафқа) жанып тұрады. Басқа деңгейлердің белгілері сөнеді.



Есік бекітулі белгісі жанады.

Дисплейде минут сайын жаңа уақыт мәні көрсетіледі.



Кептіру циклының соңғы минуттарында құрылғы мыжылудан сақтау және салқындату циклдарын орындайды.

11.3 Жуу және кептіру уақыты



ЕСКЕРТУ!

Барабанға жуғыш затқа арналған пластик құрал/шарды салмаңыз.

1. Кептіру уақытын орнату үшін Кептіру уақыты түймешігін қайта-қайта басыңыз.



Кептіру белгісі жанады.



Мыжылудан сақтау белгісі жанады.



Кептіру уақытының белгісі жанады.

Дисплейде орнатылған кептіру уақыты көрсетіледі.

40

Кептіру уақытының мәнін орнатыңыз.

Осы түймешікті басқан сайын уақыт мәні 5 минутқа артып отырады.



Кірді жақсы кептіру үшін жуылатын және кептірілетін заттар үшін өте төмен жылдамдықты орнатпауға кеңес береміз.

2. Бірнеше секундтан кейін дисплейде циклдардың жалпы ұзақтығы пайда болады:

2:03

Ең соңғы уақыт (жуу + кептіру + мыжылудан сақтау + салқындату циклдары)



Егер 10 минут кептіру уақытын ғана орнатсаңыз, соңғы уақытқа мыжылудан сақтау мен салқындату циклдары да кіреді.


3. Бағдарламаны бастау үшін Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігін басыңыз.





Есік құлыпталған.


Дисплейде минут сайын жаңа уақыт мәні көрсетіледі.


11.4 Кептіру бағдарламаның соңы

1. Құрылғы автоматты түрде тоқтайды.
2. Дыбыстық сигналдар (егер қосылып тұрса) естіледі.
3. Бейнебетте  жанады.
4. Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігінің индикаторы сөнеді.
5. Кептіру циклының соңғы минуттарында құрылғы мыжылудан сақтау циклын орындайды.

Мыжылудан сақтау  белгісі жанады. Есік әлі бұғаттаулы ( белгісі жанып тұр).

6. Құрылғыны сөндіру үшін Қосу/Өшіру түймешігін бірнеше секунд басыңыз.

 Бағдарлама аяқталғаннан кейін бірнеше минут өткен соң, қуат үнемдеу функциясы құрылғыны автоматты түрде сөндіреді.

7. Есік бұғаттаулы индикаторы  сөнгенде, есікті ашуға болады.
8. Құрылғыдан кірді алыңыз. Барабанның бос екеніне көз жеткізіңіз.
9. Зең және иіс пайда болмас үшін есікті сәл ашып қойыңыз.
10. Судың шүмегін жабыңыз.

11.5 Маталардың түгі

Жуу және/немесе кептіру циклы кезінде кейбір кірлердің (мысалы, жөкенің, жүн матаның, мақта мата жейденің) түгі шығуы мүмкін.

Осындай түк немесе мамық келесі цикл кезінде кірге жабысып қалуы мүмкін.



Техникалық маталардың түктері бұдан да көп шығады.

Кірге түк жабысып қалуға жол бермеу үшін мына ұсыныстарды орындаңыз:

- Ашық түсті киімдерді (жаңа жөке, жүн мата, мақта-мата жейде) жуып-кептіріп болғаннан кейін, баран түсті маталарды, немесе керісінше баран маталардан кейін ашық түсті маталарды жумаңыз.
- Бұндай маталарды алғаш рет жуып болғаннан кейін ашық ауаға шығарып кептіру керек.
- Су төгу сүзгісін тазалау үшін.
